Целиноград ауданы бойынша 2014 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру мен ата-аналардың төлем мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № А-1/451 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 желтоқсанда № 4514 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдесіндегі 8-1) тармақшасы 4 тармағы 6-бабының «Білім туралы» Заңына сәйкес Целиноград аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Целиноград ауданы бойынша 2014 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру мен ата-аналардың төлем мөлшері бекітілсін.

2. Целиноград аудан әкімдігінің қаулысының орындалуын бақылау Целиноград ауданы әкімнің орынбасары А.К.Айткужиноваға жүктелсін.

3. Осы қаулы 2014 жылдың 1 сәуірден бастап шығып қалған құқықтық қатынастарға таралсын.

4. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *М.Тәткеев*

Целиноград ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 14 қарашадағы № А-1/451 қаулысымен бекітілген

Целиноград ауданы бойынша 2014 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру мен ата-аналардың төлем мөлшері

Мекенжайы атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны				Айына мектепке дейінгі ұйымдарда жан басына қаржыландыру мөлшері			
	Балабақша		Мектеп жанындағы жарты күн болатын шағын орталық		Балабақша		Мектеп жанындағы жарты күн болатын шағын орталық	
	мемлекеттік	жекеменшік	мемлекеттік	жекеменшік	мемлекеттік	жекеменшік	мемлекеттік	жекеменшік

Целиноград ауданы	1859	2276	552	0	22806	22806	8896,1	0

Кестенің жалғасы

Айына мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ата-ана төлемінің (теңге) мөлшері			
Балабақша		Толық күн болатын шағын орталық	
мемлекеттік	жекеменшік	мемлекеттік	жекеменшік
11 000	16 000	0	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК